

## Ақжар ауылдық округінің Ақжар ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақжар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 33 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 сәуірде № 6978 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Ақжар ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Тарбағатай ауданы Ақжар ауылдық округінің Ақжар ауылындағы атауы жоқ көшеге - "Қабдешов Әбілқас" атауы берілсін:

2. "Ақжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Тарбағатай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Богырбаев